

**"Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тексерудегі алғашқы есеп құжаттарын ұсыну және тіркеу тәртібі туралы" Ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы 1999 жылғы 29 қыркүйек N 83. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 29 қарашада тіркелді. Тіркеу N 958. Күші жойылды - ҚР Бас прокурорының 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 66 бұйрығымен. ~V001374

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 4189 U984189\_ Жарлығы мен "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет бостандығына құқығын қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1999 жылғы 28 мамырдағы 49 Өкімін N990049\_ орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шаруашылық жүргізуші субъектілерін барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін енгізу туралы" 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1286 P991286\_ қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы", Z952709\_ заң күші бар, жарлығының 11 бабын басшылыққа алып,

Бұйырамын:

1. "Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тексерудегі алғашқы есеп құжаттарын ұсыну және тіркеу тәртібі туралы" Ереже бекітілсін.
2. Құқықтық статистика және ақпарат орталығы (А. Ағманов) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде, белгіленген тәртіп бойынша, Ережені тіркесін.
3. Осы бұйрық пен оған тіркелетін Ережелер есеп субъектілеріне, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының прокурорларына, аудан, қала мен оған теңестірілген прокурорларға орындау үшін жолдансын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары А.В. Константиновқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры  
2 дәрежелі мемлекеттік  
заң кеңесшісі

## Ереже

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тексерудегі  
алғашқы есеп құжаттарын ұсыну және тіркеу туралы

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 4189 U984189\_ Жарлығы мен "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет бостандығына құқығын қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1999 жылғы 28 мамырдағы 49 N990049\_ Өкімін орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шаруашылық жүргізуші субъектілерін барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін енгізу туралы" 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1286 P991286\_ қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бақылау мен қадағалау құқығына иемденуші мемлекеттік органдар (бұдан былай - бақылаушы орган) шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді тағайындау туралы актілерді ( ұйғаруларды, қаулыларды және т.б.) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқықтық статистика және ақпарат орталығының аймақтық органдарында (бұдан былай - Тіркеуші орган) тіркеуге міндетті.

ҚС және АО бөлімшелері жоқ қалалар мен аудандардың аймақтарында бақылаушы органдардың актілерін тіркеу осы қалалар мен аудандардың прокурорларына жүктеледі.

3. Тексеруді тағайындау туралы актілер тіркеуі тексерістің басталуына дейін Тіркеуші органдарда жүзеге асырылады.

Тіркеу органында алдын-ала тіркеуге мүмкіншілік болмай не болмаса тексеру туралы шешім жұмыстан тыс (демалыс, мейрам, түнгі және сондай-ақ басқа) уақытта қабылданған жағдайда тіркеу құжаттарын бақылаушы орган келесі жұмыс күні ұсынады.

4. Тексерісті тағайындау туралы акті мен (1-П нысаны) белгіленген үлгідегі толтырылған есепке алу карточкасы Тіркеуші органына ұсыну жолымен тіркеу жүргізіледі.

Тіркеуші орган бұл құжаттарды алғаннан кейін тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеу Журналына (бұдан былай Журнал ) дереу түрде тиісті жазу енгізуге міндетті, оған реттік нөмір беріледі, ол 1-П нысандағы есептік карточкасының тіркеу нөмірі болып саналады және ол нөмір бақылау органына қайтарылатын актіге қойылады.

5. Кіші кәсіпкерлік бірнеше субъектілеріне бірден тексеру жүргізуіне байланысты шаралар жүргізгенде Тіркеу органына тексеру тағайындау туралы актісіне қоса тексерілген субъектілердің тізімі беріледі.

6. Бақылау органдарының кіші кәсіпкерлік субъектілеріне тексеріс тағайындау туралы актілерін Тіркеуші органға тіркеуден бас тартуға тыйым салынады.

7. Тіркеуші орган тағайындалған тексерістер жайындағы ақпараттарды жария етпеуді қамтамасыз етуге міндетті.

8. Тіркеуші орган кіші кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары бұзылған деректер анықталған жағдайда жоғары бақылаушы органдарына және прокуратураның аймақтық органдарына заңды бұзуды жоюға және заңмен бекітілген жауапкершілікке айыптыларды тарту үшін дереу хабарлауға

міндетті.

9. Кіші кәсіпкерлік субъектілеріне өз мүдделі мәселелері бойынша өтініш етуге мүмкіндік беру үшін ресми бұқаралық ақпарат құралдарында Тіркеуші орган өзінің мекен - жайы және телефондар нөмірлерін мезгіл-мезгіл жариялап отыруға міндетті.

10. 1-П нысандағы есепке алу карточкаларының бланктарымен қамтамасыз ету бақылаушы органдарға жүктеледі.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК